

Мұхамедиев, қатардағы колхозшылар Ыбыш Иманбаевтар, Омарбай Исин, Кент ауыл советінің төрағасы Жақыпбек Қайырбергенов және т.б. бар еді.

Қорыта келе А. Асылбеков қазақ халқы үшін қызымет еткен адамдардың бірі болды. Өз қызметін адал істегені үшін азап шегіп, сот процесінде істемеген істерін мойындап, амалсыз өз досы С.Сейфулинн контрреволюциялық тапсырма берді деп айтуына тура келген еді. А. Асылбековтың ісі Қарағандыда өткен ең алғашқы ашық сот процесі болатын және оның зардаптары ауыр болды. Осы істен кейін қазақ басшыларына көптеген жасықсыз айыптар тағылып олар да қуғынға ұшыраған еді. Тек 1957 жылы ғана А. Асылбеков және көптеген қазақ басшыларының кінәсіз екені анықталып ақталғаны өкінішті.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Шаймуханова, С. Д. Политические репрессии в Казахстане 30-40-е-нач.50-х гг. - Караганда: КарГУ, 2000. - 180с.
2. Восточная Сарыарка. Каркаралинский регион в прошлом и настоящем / Под ред. Алдажуманов К.С., Бейсенова А.З. – А.: Эвро, 2004. - 564 с.
3. ГАКО. Ф. 731. Оп. 1. Л 1-2.
4. Руководители Карагандинской области. Биографический справочник / Сост. Михеева Л.В. к.и.н., Турсынова Ж.Ж. к.п.и., Под ред. Амантаева У.А.. – Караганда, 2011. – 742 с.
5. Жұмашев Р.М. XIX – XX ғасырлардағы Қарқаралының мәдени өмірінен // Қарқаралыға 180 жыл: Тарих толқынында. Ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. –Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2004. – 50-76 бб.
6. Кәкен, А. Осы жұрт Абдолланы біле ме екен? [Мәтін] : Абдолла Асылбеков туралы естелік / А. Кәкен // Егемен Қазақстан. - 2018. - № 100. – 31 мамыр. – 8 б
7. Алдажұманов Қ.С. XX ғ. 30-50 жылдарындағы қуғын-сүргін және Қарқаралы // Қарқаралыға 180 жыл: Тарих толқынында. Ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. –Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2004. – 20-28 бб.

**Мусин Ә.Т.**, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, филология факультеті, ҚЖ-41, студент

*(Ғылыми жетекшісі—филол.ғыл.докторы, профессор Рамазанова Ж.С.)*

### **ЖАҢА МЕДИА ЖӘНЕ АҚПАРАТ ТАРАТУ ТӘСІЛІ (Өңірлік телеарналар негізінде)**

Жаңа бұқаралық ақпарат құралдары немесе жаңа медиа (ағыл.Newmedia). Бұл терминді XX ғасырдың соңында интерактивті-электронды басылымдарға қарата қолданыла бастады. Дәстүрлі медиадан айырмашылығы ретінде контент өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы коммуникацияның жаңа формасы. Яғни, бұл термин цифрлік, желілік технологиялар мен коммуникацияның даму үрдісін білдіреді. Ең алдымен, цифрлік технологиялар. Бұл тенденция қоғамның компьютерленуімен байланысты.

Жаңа медиа ақпараттың мәтінге тәуелділігін жойды. Себебі, мультимедиялық, графикалық ақпараттың таралуы мәтіндік жүйенің баламалы тенденциясына айналды. Түсінікті де қысқа гипермәтіндер, газет-журнал мәтіндерінің қатталуы, радиотелевизия және баспасөз мұрағаттың қолжетімділігі, іздеу жүйесінің ыңғайлылығы, интерфейстің тартымдылығы бұқаралық ақпарат құралдарын ыңғайлы ете түсті.

Цифрлау дәуірінде ақпаратты жедел таратып, өңдеп, тұтынушыға ұсыну жолында жаңа инновациялық шешімдер пайда болуда. Цифрлы дәуірде ақпарат күн сайын емес, сағат сайын өзгеріп отыратынын ескерсек, онда жаңалықтардан хабардар болып, оқырманды пайдалы ақпаратпен қамтамасыз ету ерекше маңызға ие. Аудиторияның медиақалауы да өзгерді. Қазір оның денін миллениалдар (1981 жылдан кейін және 2000 жылға дейін туған адамдар) мен центенниалдар (2000 жылдардың басынан бері туғандар) құрайды. Соңғылары кейбір ерекшеліктеріне байланысты тіпті «жалқау визуалдар» деп аталып кеткен.

Жаһандану кезінде болашағын ойлаған халық жаңа заманға бейімделудің тәсілдерін игеріп қана қоймай, өзінің ұлттық ерекшеліктерін сақтап, мемлекеттігін нығайту мен қоғамды ортақ мүдденің төңірегіне біріктіру қағидасын ұстануы тиіс. Мемлекеттің тұтастығы мен қалыпты дамуы үшін ұлттық сана мен мәдениетімізді насихаттауға теледидардың мол мүмкіндігін тиімді пайдалану – заман талабы болып отыр. Аталған мақсаттарды іске асыруда жаңа ақпараттық

технологиялардың, жаңаша көзқарастар мен формалардың тиімділігін зерттеу бүгінде ғылыми ізденістердің басты арқауына айналуы тиіс.

Цифрлық технологиялардың пайда болуымен қазіргі медиалардың формасы мен мазмұны түбегейлі трансформацияланды. Бұқаралық аудиторияға медиаөнімдерді тасымалдайтын барлық техникалық платформалардың цифрлық технологияларға ауысуынан ақпарат жинау мен тарату үлкен өзгерістерге ұшырады. «Цифрлық дәуірдің басты сипаттары: - аналогтық контенттің цифрлық стандартқа ауысуы; - цифрлық технологиялардың көмегімен коммуникативтік процестердің халыққа қолжетімді қарапайым алгоритмде жасалуы; - коммуникативтік байланыстардың вертикалды үлгісінен бірдеңгейлі горизонталды жүйеге алмасуы болды. Цифрландыру үрдісіне қатысты барлық өзгерістер телевизиялық өнімдерде де анық байқалды», - дейді телевизия теориясын зерттеуші Ұ.Есенбекова [1, 20 б.]. Жаңа технологиялар ақпаратты өңдеу мен тарату уақытын бірнеше есеге азайтты. Ақпарат көлемі артты, цифрлық монтаждың әсерінен оның сапасы жақсарды

Ақпараттандыру – бұл орын алған оқиғалар туралы немесе белгілі біреудің әрекеті туралы хабар беру; белгілі бір нәрсе туралы хабар беру; әдетте қабылдаушы алған ақпаратты ұғуға құқылы

XXI ғасыр адамы көбіне жарияланатын жаңалықтарды теледидардан алады. Әрине, бұл теледидар алдына жайғасып алып күні бойы бойы ақпарат қарайды деген сөз емес. Көбісі теледидардың алдында отырған күннің өзінде қосалқы шаруамен айналысатыны анық. Ондай көрерменді видео тұрғысынан өзіне қарату бір бөлек, жақсы материалдар, ақпараттар арқылы қарату бөлек нәрсе. Осы тұрғыда ақпаратты таратуда ақпараттық бағдарламалар ерекше рөл ойнайтыны белгілі. Әрарнахабарларының бағыты, тақырыбы, мазмұны біреу болғанымен, эфирге шығу, берілуінде ерекшеліктер болады. Зерттеуші ғалымдардың пікірінше: «Жаңалық – бүгінгі күнді кешегіден ажыратып алу» деген анықтама қалдырса, енді бірі: «Жаңалық бұрын белгісіз болған, сондықтан да жұрттың қызығушылығын тудыратын бұрыннан белгілі бір тақырыптағы жаңа және ерекше ақпарат» - деп тұжырымдайды [2].

Телеарналардағы ақпаратты халыққа жария етуде, журналистің ақпарат тартудағы басты ұстанымдары:

1) Қазір болған оқиғаны - қазірайту. Бүгінгі болған жайттарды тікелей эфирге, халық назарына ұсыну. Ертең оның ешқандай мәнісі болмай қалуы мүмкін.

2) Езбелікке салынып, халықты меңзетіп алмау. Қандай да біроқиғаны халық назарына ұсынарда нақты, әрі қызықтырақ жеткізу. Іш пыстырарлық сөздермен аралыстырудың қажеті жоқ.

3) Шындықты шым-шымдап болса да айта білу. Қандай жағдайда болмасын берілген ақпараттарды жұрт назарына, болған оқиға өрісі бойынша шынайы түрде тарату [3]. Бұл әрине тележурналистке қызмет барысында қойылатын негізі талаптар деуге де болады. Ғалым М. Барманқұлов: «Керемет саясаткер, ең күшті мемлекет, дүние жүзіндегі ең мықты халықтың өзі ақпаратсыз түкке тұрғысыз нәрсе болуы мүмкін. Кім-кімге де қызықты әрі керек дүниенің барлығы тек қана ақпаратпен табылады. Ақпарат-адам санасындағы шындықтың болмысы. Ақпараттың қандай болатындығы ақпарат таратушыға, журналистке байланысты» [4, 45] - дейді.

Ақпарат тарату жұмыстарындағы деңгейіне қарай өңірдегі бәрімізге белгілі «SARYARQA», «5 арна», «Бірінші Қарағанды» арналарындағы жаңалықтар бөлімі жоғары деңгейде қызмет атқаруда. Бұл телеарналарда ақпарат тарату деңгейі республикалық арналардан төмен емес. Ақпараттық редакция кез келген телеарнаның негізін құрайды. Әрбір телеарнаны жаңалықтар бөлімінсіз елестету қиын. Аталмыш ақпарат тарату бөлімдерінде ең көп қызметкер мамандар жұмыс атқарады. Мұның барлығы бір ақпараттың немесе жаңалықтың бірнеше жұмыс сатыларынан өтіп барып, эфирге жіберілетіндігінің белгісі. Ең алдымен олардың жұмыс істеу ерекшелігі – материалдың жинақталуы мен өңделуіне тығыз байланысты. Жаңалықтар бөліміндегі қызметкерлердің негізгі мақсаты – обылыста, қалада, аудан мен ауылдарда қандай шара болып жатқанның барлығын жаңалықта қамтамасыз ету. Телевизиядағы ақпарат тарату жұмыстары ол редактор, журналист, оператордың ғана қызметі емес. Ол бірнеше мамандардың жұмыла жасаған жұмыстары деуге болады. Эфирге шығарылатын бір ғана сюжетті алып қарасақ, оның артында көптеген білікті мамандардың ерен еңбектері жатыр. Ақпараттық бағдарламалардағы жаңалық көрерменге барынша қызықты, әрі нақты шығуы үшін мамандар өздеріне жүктелген міндеттерді орындап шығады. Журналистер мен операторларға біліктілік, тапқырлық, жылдамдық, оперативтілік қажет. Бейнекамерадағы операторлармен микрофондағы журналистер ұйымдасып жұмыс жасаса, эфирге шығарылатын хабар да халыққа ұнамды әрі өтімді болады. Телеарна бөлімдеріндегі жаңалықтар эфирге шықпастан бұрын тележурналистер мен редакция құрылымына сәйкес бірнеше өңдеу кезеңінен өтеді. Өңірлік телеарналарда халыққа жергілікті басшылардың

атқарған істері, дауысы және өңір тұрғындарының жағдайы, өңірдегі оқиғалар баян етіледі. Жергілікті масштабта болып жатқан оқиғалар республикалық телеарналарда көрсетілмей қалсада, өңірлік телеарналарда күнделікті эфирге шығып отыр. Жоғарыда атап өтілген өңірлік үш телеарнаның ақпарат тарату жұмыстары сырттай қарағанда бірдей болуы мүмкін. Бірақ, жаңалықтар қыметінде ақпаратты халыққа жария етуде өзгешеліктер болады.

«5 арна» телеарнасы нинтернетте эфирді барлық жерде – iDTV, "Ювис", "Alma TV" хабар тарату торында және өңірдің басқа да кабельдік желілерінде көруге болады. Барлық жаңалықтар сюжеттері мен бағдарламалары екі тілде әлеуметтік желілерде де, YouTube арнасында да жарияланады.[6] Аталған үш телеарналардың басты мақсаты - мемлекет басшысының алға қойған міндеттерін іске асыра отырып, мемлекетіміздің дамуына ықпал ету. Осы мақсатта телеарналар ұжымы ұдайы ізденісте жүріп, облыс өмірінің бар қырын ашатын бағдарламалар әзірлеп келеді. Телеарнадағы халыққа ақпарат тарату жұмыстарының ең негізгі өзегі жаңалықтар қызметі. Жаңалықтар - аймақ айнасы. Жаңалықтар қызметі Қарағанды облысы үшін маңызды делінген оқиғаларға, әсіресе, аймақ жаңалықтарына маңыздылық береді. Кейбір тілшілероблыстағы ауылдық жерлерге барып, ақпараттар жинап әкеледі.

Өңіріміздегі үш телеарналардың ішіндегі ең ірісі және бірегейі «SARYARQA» телеарнасы болса, одан кейінгі сатыда «5 арна» және «Бірінші Қарағанды» телеарналары бар. «SARYARQA» теларнасы Қазақстан ұлттық телеарнасының Қарағандыдағы филиалы болып есептеледіктен, облысымыздың барлық аймағына ақпарат таратады. «5 арна» телеарнасы болса Жезқазған мен Балқаштан басқа бүкіл облысты қамтиды. Одан бөлек, «5 арнаның» хабар таратуы Астана, Петропавл, сондай-ақ Солтүстік Қазақстанды да қамтиды. "Бірінші Қарағанды" телеарнасының ақпарат тарату жұмысы Қарағанды қ, Теміртау қ, Абай, Саран, Шахтинск, Шахан кенті, Ботақара сынды өңірлерді қамтиды.

«SARYARQA» телеарнасындағы ақпараттық бағдарлама «ARQA news» деп аталады. Арна ұжымы ақпарат тарату жұмыстарын 1958 жылы 31 тамызда бастаған болатын. Бүгінгі телеарна қызметіелуінші жылдардағы көгілдір экран құрылмынан бөлек. «ARQA news» ақпараттық бағдарламасы заманауи техниканың арқасында сапасы жақсарып, көрсетілу көлемі ұлғая түсті. Телекөрсермендермен тұрақты түрде кері байланыс болуы үшін ақпараттық редакция жанынан «Жедел желі» жұмыс жасайды. Тікелей эфир кезінде осы желіарқылы облыстағы өзекті деген ақпараттар жарияланып, өтініш-шағымдарға дер кезінде кері байланыс көрсетіледі. «Жаңалықтар» қызметі 1962 жылдан халыққа жария етіле бастады. 2017 жылы «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасы ребрендинг өткізді. Дәл осы жылдың қарашайынан бастап «SARYARQA» деген атауымен, жаңа үлгіде безендіріліп, жаңа маусымын бастады. [5] Облыстық «SARYARQA» телеарнасының жағдайы жақсы: арнаның трансляциясы Қарағанды облысының барлық өңірлерін ғана емес, операторлар арқылы бүкіл Қазақстанды жүз пайыз қамтиды. Қарағанды облысының шалғай нүктелерінде кешкі уақытта «QAZAQSTAN» Ұлттық арнасының орнына «SARYARQA» телеарнасы хабар тарататын бір сағаттық спутниктік хабар тарату бар: Қарағанды кешкі жаңалықтары және басқа да бағдарламалар шығады. Телеарнаның ақпарат таратудағы өз сайтыда бар. Көрсерменге облыс көлеміндегі күнделікті соңғы жаңалықтарды әр үш сағат сайын жедел, әрі нақты жеткізудің маңызы зор. Өңірлік телеарналардың ішінде облыс тұрғындарының 98 пайызын спутниктік жүйе арқылы «Жаңалықтар» қызметімен қамтамасыз етуші, басымдық танытатын «SARYARQA» телеарнасы. Жәнеде, өңірде тек «SARYARQA» телеарнасының жаңалықтары тікелей эфирден беріледі. Өңірлік телеарналардың жаңалықтар қызметіндегі ақпарат редакциясының журналистеріне заманауи техниканың жетістіктерін пайдалануға жағдай жасалған. Интернеттік және әлеуметтік желіарқылы кез-келген деректі қас-қағым сәтте қабылдай алады. Өңірлік үш телеарнаның жаңалық таратуы: жаңалықтар күндізгі, кешкі және қорытынды болып бөлінген. Оның ішінде қазақ және орыс тілдеріндегі жаңалықтар сурдоаудармаарқылы беріледі. Аптасына дүйсенбіден жұма күнге дейін эфирге шығады. Соның ішінде «SARYARQA» телеарнасында жаңалықтар шығарылымы тікелей эфирдекірет жүзеге асады: 13:00 қазақ, 13:10 орыс тілдерінде, 17:15-те. Күндізгі жаңалықтардың хронометражы қазақ және орыс тілдеріне 10 минуттен бөлінсе, кешкі тікелей эфир жаңалықтарына 15 минут беріледі. Телеарна Қазақстан ұлттық телеарнасының филиалы болғандықтан, кешкі жаңалықтар топтамасы бүкіл облысқа тарайды. Сол себепті кешкі уақыттарда телеарнада ауыл-аймақ тақырыбына байланысты ақпараттарда халық назарына ұсынылады. Телеарнада ақпарат тарату жұмыстарының жалпы тақырыптық аясы облыстағы саяси, экономикалық өмірді көрсету. Сонымен қатар, өңірдегі білім, мәдениет және спорт сынды т.б тақырыптардағы мәліметтермен толықтырылады. Бағдарлама соңын ауарайы ақпараттық бағдарламасы тәмамдайды. Телеарнадағы «ARQA news» жаңалықтар

бағдарламасының ақпарат тартудағы негізгі мақсаты облыс аймағында өткен елеулі оқиғаларды тереңдетіп, еліміз бойынша атқарылып жатқан келелі іс-шараларға облысымыздың қосып отырған үлесін айшықтау. Жаңалықтар ақпараттар қызметінде көтерілген тосын оқиға немесе тың мәселе бағдарламаға арқау болады. Телеарнадағы ақпарат тарату жұмыстары қызықты, әрі тиянықтылық пен шапшаңдықты қажет етеді. Қарапайым бір ақпаратты эфирге жіберу жұмыстары бірнеше сатылардан өтеді деуге болады. «SARYARQA» телеарнасында тележурналистер ұжымы, басшылық бекіткен бағдарлама кестесіне сүйене отырып жұмыс атқарады. Яғни, бағдарламалар кестесі құрылады. Кестені құруда, оған жауапты «SARYARQA» телеарнасының шеф-редакторы Ж.Алпысбаеваның сөзінше өңіріміздегі күнделікті болып жатқан шаралардың жартысы әкімшіліктің нұсқауымен жазылса, қалғаны интернет-сайттардан, хабарландырулардан алынады. Құрастырылған бағдарламалар кестесіндегі жоспарға сай мамандар қызмет жасайды. Мысалы, облыста қандайда бір іс-шаралар, оқиғалар, өзекті тақырыптағы кездесу жиындары өткізілсе соның басық асында өзге телеарналардан бөлек «SARYARQA» телеарна ұжымыда қызмет атқарады. Осы тұста журналистке жүктелетін міндеттер артады. Тележурналист маман сол жерде кейіпкерлерден сұхбат алу (СНХ), стендап пен шпигель түсіру жұмыстарын жүргізеді. Шындыққа сәйкес келмейтін ақпаратты таратпау керек. Өңірлік 3 телеарнаның ішінде шпигель түсіру жұмысы тек «SARYARQA» телеарнасында ғана жүргізіледі және дайын шпигель сайтқа салынады. Түсіру жұмыстарының барлығында оператор жүреді. Ол журналист маманның нұсқауымен керекті жерлерді түсіріп, бейнетаспаға жазады. Журналист қарапайым адамға қарағанда көбірек біліп қана қоймай, дерек көздерін жылдам тауып, сол деректерді бір-бірімен байланыстыра білуі де керек. Тілші толықтай ақпарат жинап, бейнетаспадағы түсірген материалын монтаждағы білікті мамандарға тапсырады. Олар сол жерден, дайын бейнематериалды компьютерге сақтап алады. Ал тележурналистің сол жердегі басты қызметінің бірі мәтін жазу жұмыстары. Мәтін жазу шеберлік пен тиянықтылықты қажет етеді. Мәтін жазуда журналист ең алдымен тақыбырыбын ойластырып алады, оқиғадағы жалпы көтерілген мәселелерді, ақпараттарды, сонымен қатар кейіпкерден алған сұхбаттарын, қорытынды ойларын қорытып жазады. Осы тұста, Г.Сұлтанбаеваның еңбектеріндегі келтірген ақпарат жазу формуласын атауға болады. Ол: Не болды? Ол қай жерде өтті? Ол қашан өтті? Бұл оқиғаға кімдер қатысты? Оқиға қалай өтті? Ол неліктен болды? Болған оқиғаның мәнісі неде? [7, 43] Осы формулаға сүйене отырып, журналист сюжет дайындаса әлдеқайда оңайырақ болады. Жоғарыда айтқандай, журналистің ең әуелгі міндеті – ақпаратты барынша нақты, шынайы әрі жедел тарату. Жоғарыдағы формуланы негізге ала отырып, жаңалықтар бөліміндегі практикалық жұмыс материалына көз жүгіртсек. Мысалы, Қарағанды қаласында газ баллоны жарылып, 2 адам ауруханаға түсті. Оқиға 2023 жылдың 21 қаңтар күні кешкі сағат 18:51 шамасында Щорс көшесі, 37-үйде орын алған. Телеарналардағы тілшілер оқиға орнына жіберіледі. Енді бұл жерде журналист ақпаратты қалай дайындау керек дегенге тоқталсақ:

Жарылыс қай жерде болды? Жарылыс неден болуы мүмкін? (Оның шешімі бірнеше айдан соң тергеп-тексеру жұмыстары аяқталғаннан кейін айтылады. Осы оқиғаға жауапты тергеуші мамандардан сұхбат алу.) Жарылыстың салдарынан қанша адам қаза тапты, қаншауы жарақат алды? (Ішкі істер министрлігі, денсаулық сақтау министрлігі, төтенше жағдай министрлігіне сұрау саламыз, облыстық жауапты органдарға хат жазамыз және жауап тезірек беруін сұраймыз).

Нақты оқиғаны көзбен көрген адаммен сұхбат. Тұрғындар эвакуацияланды ма? Міне, осы сұрақтарға жауап алу арқылы толыққанды сюжет жасап шығуға болады. Бұл жерде ең бастысы тілші оқиға болған жерге барып, көзімен көріп сезінуі керек. Сонда шынайы, көрермен көңіліне жағатын ақпарат таратылады. Сюжеттің мәтіні толыққанды дайын болады деген сөз. Бөлімдегі шеф-редактор мәтіннің дұрыстығын тексергеннен кейін, синхрон кино, дайындау жұмыстары жүргізіледі. Материалдың тақырыбына, мәтіннің жазылуына қарай синхрон қиылады. Монтаж бөлімінде дайын болған материалдарға өңдеу, мәтін дыбыстап-оқу жұмыстары жүргізіледі. Монтаждалған материалды, сюжетті режиссер тексерістен өткізіп, тікелей эфирге жібереді. Ақпарат таратуда журналист өзіне жүктелген міндеттерді орындай отырып, заңға сай қызмет етеді. Журналистің ең негізгі міндеттерінің бірі – ақпарат тарату жұмысы, болған оқиға туралы жан-жақты мәлімет беру. Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заң бойынша, журналистің ақпарат іздеуге, алуға және таратуға құқығы бар. БАҚ заңының 20-бабында журналистің құқықтары толық көрсетілген. Журналист мемлекеттік және басқа да меншік нысанындағы ұйымдарға барып, ақпарат ала алады. Заңмен тыйым салынбаған болса, аудио, видеожазбаларды жаза алады. Журналист ретінде апат болған жерлерге, митингілер мен демонстрацияларға қатыса алады. Сонымен бірге, заң бойынша, журналист ақпараттың дұрыстығын тексеруге де құқылы. [8]

Дұрыс-бұрыстығын тексеру кезінде кәсіби мамандарға да жүгіне алады. Көріп отырғанымыздай, журналистің құқықтары көп. Сонымен бірге, журналистің міндеттері де бар. Журналист еліміздің заңдарына сәйкес өзіне жүктелген міндеттерді атқаруы тиіс. Иә, «SARYARQA» телеарнасындағы қандайда да бір ақпаратты эфирге шығару, тарату жұмыстары қаншама сатылардан өтетін, сабырлылықты талап ететін жұмыс екені анық. «5 арна» және «Бірінші Қарағанды» телеарналарының ақпаратты жариялау жұмыстары жоғарыдағы көрсетілген «SARYARQA» телеарнасының ақпаратты тарату жұмыстарына ұқсас.

Телевизия адамзаттың ақпарат әрі рухани нәр алатын қуат көзіне айнала отырып, өмір салтымыз бен күнделікті тіршілігімізге берік орнығуда. Егер журналист өзінің шығармашылығы арқылы халқының рухани әлемін, оның проблемаларын көркем тілмен өрнектеп, өмірдің шыншыл көріністерін сәтті бейнелей алса, сонда ғана ол ұлттық телетуындыға айналады. Ұлттық хабарлардың БАҚ-та көрерменге ұсынылуы - оны жүргізетін журналист шеберлігі мен дайындайтын шығармашылық топтың кәсіби деңгейіне байланысты.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Есенбекова Ұ. Телевизиядағы журналистік шеберлік: Журналистика мамандықтарына арналған оқулық. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Баспасы, 2021. – 317 бет.
2. <https://melimde.com/telejurnalistika-ou-rali.html>?
3. «Телеарна тынысы» Қазақстан-Қарағанды телеканалына 60 жыл. Қарағанды: Л., 2018. – 217 бет.
4. М.Барманқұлов «Телевидение: деньги или власть?» Алматы-1997
5. [https://kk.wikipedia.org/wiki/Saryarqa\\_\(%D1%82%D0%B5%D0%BB%D0%B5%D0%B0%D1%80%D0%BD%D0%B0\)](https://kk.wikipedia.org/wiki/Saryarqa_(%D1%82%D0%B5%D0%BB%D0%B5%D0%B0%D1%80%D0%BD%D0%B0))
6. <https://www.5tv.kz/>
7. Г. Сұлтанбаева «Бұқаралық ақпарат құралдарындағы саяси коммуникация: шетелдік тәжірибие және Қазақстан» Қазақстан Республикасы. Алматы-2010
8. <https://alataugazeti.kz/archives/79145>

**Максимова Д.В.**, Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, факультет философии и психологии, гр. С-22, студент  
(*Научный руководитель – магистр социологии, старший преподаватель Карасева Н.В.*)

### **ОТНОШЕНИЕ К ИДЕОЛОГИИ ЧАЙЛДФРИ СТУДЕНТОВ КАРАГАНДИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Е.А. БУКЕТОВА**

Массовый выход женщин на рынок труда выявил их конкурентоспособность и повысил экономический и социальный статус. Поэтому попытки поставить женщин в семье на второстепенный план способствует снижению интереса к традиционному браку. Все больше девушек, для которых стремление построить карьеру превосходит желание завести семью.

Широкое распространение получает термин «чайлдфри», обозначающий идеологию, которая характеризуется осознанным нежеланием иметь детей. С. Бастен писал, что необходимо разграничивать термины «childless» и «childfree», так как под первым подразумевается вынужденная бездетность, а во втором случае осознанная бездетность [3, с. 9].

Сам термин («Childfree») появился в 1970 году в США, был предложен американскими феминистками Ширли Радл и Элен Пек. Более популярно движение «чайлдфри» становится в США к 1990 году, после появления Национальной организации «Для не родителей», которая была создана в 1972 г, так же Ш. Радл и Э. Пек. Активистки обосновали свою идею таким образом: «В начале 70-х годов тридцатилетняя женщина, не имеющая детей, воспринималась как неполноценная. Оправданием ее бездетности люди считали плохое здоровье, нетрадиционную сексуальную ориентацию, психические заболевания, злоупотребление алкоголем или наркотиками. Никому и в голову не приходило, что женщина не имеет детей по одной простой причине – у нее нет желания» [4, с. 11]. Целью организации было донести идею о том, что и мужчины, и женщины имеют право выбора заводить или не заводить детей. Идеология чайлдфри распространилась по всему миру и дошла до стран СНГ, однако произошло это сравнительно недавно, в 2000-х годах [1, с. 93].